**Автор**: КЕЛДЕБЕКОВА БАГИЛА МАМИРОВНА
**Пән**: Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар/Информатика
**Сынып**: 3- сынып
**Бөлім**: Әлемнің барлығы Ғаламторда (ортақ тақырып: «Танымал тұлғалар»)
**Тақырып**: Ғаламтордағы қауіпсіздік

---

| | |
|---|---|
| Оқу мақсаттары (оқу бағдарламасына сілтемеу): | 3.3.1.1 нақты сұрақтарға жауап табу үшін Интернеттің іздеу жүйелерін қолдану. 3.3.2.1 желіде ақпарат алмасу жолдарын түсіндіру<br>3.3.3.1 Интернет желісіндегі қажетсіз байланыстың қауіпін түсіну. |
| Сабақтың мақсаты: | **Оқушылар...**<br>• белгілі бір сұрақтарға жауап табу үшін интернет іздеу жүйелерін пайдаланады;<br>• сөйлемдерді теру және өңдеу үшін мәтіндік редакторды пайдаланады;<br>• Интернет желісінен тәуекелдерге мысал келтіреді. |
| Тілдік мақсаттар: | ***Пәндік лексика және терминалогия:***<br>- Ғаламтор, вирус, браузер, веб-парақша, сілтеме, жеке мәлімет.<br>***Диалог/жазуға арналған пайдалы сөз тіркестер:***<br>- Интернеттің пайдалы және зиянды жақтары бар, себебі... |
| Күтілетін нәтиже: | Ғаламторды қолданады.<br>Ғаламтордың пайдалы және пайдасыз жақтарын біледі. |
| Бағалау критерийлері: | • ақпаратты іздестіруді іздеу жүйесін пайдалану арқылы түсіндіру;<br>• мәтіндік редакторде сөйлем жиынтығын орындау;<br>• Интернеттегі тәуекелдердің негізгі түсінігін көрсету, түсіндіру. |
| Құндылықтарды дарыту: | Топта жұмыс істей білу, сыныптастардың жауаптарын тыңдау, объективті бағалау, этика нормаларын сақтау қабілеті арқылы бір-біріне құрметпен қарау. |
| АКТ-ны қолдану дағдылары: | Интерактивті тақта қолдану<br>Ғаламтор қолдану. |
| Пәнаралық байланыс: | Атақты тұлғалар.<br>Орыс тілі – мультфильм қараған кезде |
| Бастапқы білім: | Аралас құжатпен жұмыс |

## Сабақ барысы

| **Сабақ кезеңдері** | **Жоспарланған іс-әрекет** | **Ресурстар** |
|---|---|---|
| Сабақтың басы (3 минут 7 минут) | **Ұйымдастыру кезені.** Сыныптағы оқушылардың қатысуын тексеру. Бір-біріне жылылық сыйлау арқылы амандасып психологиялық ахуал тудыру. Оқушылар 10 секунд арасында қол арқылы амандасып шығу қажет. *«Жазу, жүгіру»* әдісі арқылы үй тапсырмасын сұрау. **ҚБ:** **«Бесбармақ»** әдісі арқылы бағалау.<br>*Дискриптор:*<br>-аралас құжатты жасауды біледі. -аралас құжатты сақтап және аша алады. | Оқулық 3 сынып Арман-ПВ 2018 ж.<br>Image not found or type unknown |

| Сабақкезеңдері | Жоспарланған іс-әрекет | Ресурстар |
|---|---|---|
| Сабақтың ортасы<br>(10 минут 10 минут) | **Жаңа тақырып.** Сабақ тақырыбы мен мақсатын анықтау. *Миға шабуыл: (Суреттер берілген)* - Слайдта қандай негізгі сөз жасырылған? Оқушылар негізгі сөзді анықтайды.<br>***Жауабы:*** Желідегі қауіпсіздік.<br>Инттернет арқылы жұмыс жасаған кезде қауіпсіздікті сақтау.<br>Талқыланатын сұрақтар ұсыныңыз: - Ғаламтор деген не? Ол қашан пайда болды? - Ғаламторды қосу үшін қандай құрылғы қажет?<br>- Ғаламтордың негізгі қосымшасы?<br>-Браузерлер дегеніміз не?<br>-Ғаламтордың пайдалы және пайдасыз жақтарын кім біледі?<br>- Ғаламторда қанша уақыт отыруға болады?<br>- Ғаламторда отырғанда қандай ережелерді білу қажет? -Вирус дегеніміз не?<br>«Дұрыс – бұрыс» ойынын өткізу. Ауызша жауап.<br>Интернет туралы деректер экран бетінде көрсетіледі.<br>а) Интернеттің көмегімен белгілі тұлғалар және тағы басқада ақпаратты таба аласыз.<br>b) Интернет балаларға қауіп төндірмейді.<br>c) Файлды жүктеген кезде, вирусымды компьютерге жүктей аламын.<br>*Жауптары*: а) (дұрыс); в) (бұрыс); д) (дұрыс);<br>*Сергіту сәті.*<br>Орнымыздан тұрамыз,<br>Қос бүйірді сығамыз.<br>Оңға, солға бұрылып,<br>Бір айналып шығамыз.<br>Бір,екі, үш, төрт, бес<br>Қолды қолға ұрамыз.<br>Тапсырма жауаптарын дәптерге жазу.<br>**1.Тапсырма**<br>а)Интернетте балалар қанша уақыт отыра алады? б)Интернет арқылы жұмыс жасағанда орындалатын екі ережені жазыңыз.<br>**2.Тапсырма.**<br>-Интернет желісінде жұмыс жасаған кезде қандай ақпаратты жарияламау керек?<br>-Әлеуметтік желіде бір бейтаныс адам сізді аулаға кездесуге шақырды. Осындай жағдайда не істеу керек?<br>-Интернетте балалар қанша уақыт отыра алады? **Қалыптастырушы бағалау.**<br>Компьютерлік программалардың түрін анықтаңыз.<br>1 2 3<br>***Мұғалімнің бағалауы. Смайликтермен.*** | Оқулық 3 сынып Арман-ПВ 2018 ж.<br>Интерактивті тақта<br>Компьютер<br>Презентация<br>Image not found or type unknown<br> |
| Сабақтың соңы<br>(5 минут) | **Үйге тапсырма**. Оқу және үйде орындайық тапсырмасын дәптерге орындау. | Оқулық 3 сынып Арман-ПВ 2018 ж. |
| Рефлексия<br>(5 минут) | **Рефлексия.**<br>Маған бәрі түсінікті Келесі сабақта күш салуым керек<br>Image not found or type unknown  Image not found or type unknown  | ауызша айту |